

**СЕКЦИЯ 3**

**SECTION 3**

---

**КӨЛІКТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯНЫ  
АҚПАРАТТАНДЫРУ**

**ИНФОРМАТИЗАЦИЯ ТРАНСПОРТНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ И  
ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЙ**

**INFORMATIZATION OF TRANSPORT INFRASTRUCTURE AND  
TELECOMMUNICATIONS**

**М.М. АБДИМОМЫНОВА, Н.Б. ҚАЛАҚБАСОВА**

*Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз, Қазақстан*

### **ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН ЖӨНДЕУ, ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ КЕШЕНІ**

Қазіргі кезде өндірісті жоспарлаудың экономикалық-математикалық әдістерін жобалау және қолдану жоспарлы-экономикалық есептеулердің дәлдігін арттыруға, жасалынған жоспарлардың ғылыми деңгейін көтеруге, өндіріс тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Математикалық модельдер табиғи құбылыстар мен үрдістердің сандық заңдылықтарын анықтауға, сипатталатын факторлардың тәуелділігі мен өзара байланысын табуға мүмкіндік береді. Компьютерлік моделдеудің маңызды ролі есепті шешу кезінде басқаруды автоматтандырумен байланысты жүргізіледі. Компьютерлік моделдеу көмегімен басқарудың әртүрлі принциптерінің әсерлілігі, басқарушы жүйелерді құру нұсқалары, сондай –ақ басқарушы аппаратураның сенімділігі мен жұмысқа қаблеттілігі бағалануы мүмкін [1].

Елімізде алға қойылған шешілуі тиіс мәселелер өте көп, соның бірі – автомобиль жол тораптарын дамыту. Автомобиль жол тораптарын, яғни, желісін жақсарту үшін аз жұмыстар жасалынып жатқан жоқ. Еліміздегі қатты қапталған жолдар деңгейі соңғы жылдары дамып келеді. Дегенмен, олардың техникалық жағдайы нашарлауда және талапқа сай келмейді. Бұл жағдайдан қатынас жол желісінің сапалық жақсармағанын көруге болады. Осыған орай, жол – құрылыс жұмысын жақсартуға, сапасын арттыруға арналған бағдарламалық кешен құру өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі таңда өндірістік облыстардың қай саласы болмасын табысқа жету жолында атсалысуда.

Жол құрылыстары мен жолды жөндеу жұмыстарына арналған жаңа технологиялық және экономикалық саясат құру, жөндеуші – техникалық құралдардың заманауи түрлерін пайдалану мәселелері бүгінде кезек күттірмейтін орында тұр.

Соңғы жылдары экономикалық жағдайдың төмендеуіне қарамастан, жүк автокөліктері 30 пайызға және жеңіл автокөліктер 36 пайызға өсті, бұл – қозғалыс қарқынының жылдам өсуіне алып келді [2].

Жолды өңдеу жұмыстарын автоматизациялауға арналған IFS бағдарламалық кешені жайлы айтып өтер болсақ, функциялар жинақтамасына тоқталуға болады. IFS бағдарламалық кешені – модульдік архитектураға ие және өндіріс орнын басқаруға арналған функциональді толықтырылған және ашық кешен. Кешен құрамына енетін модульдер жинағы - өнеркәсіптің әртүрлі салаларында, барлық елдердің сауда аймақтарында IFS жүйесін енгізу, құру және эксплуатациялау жұмыстарының он төрт жылдық нәтижесі және сонымен қатар, жүйе артықшылығын көрсету дәрежесі.

Қазіргі уақытта әртүрлі кешендерде 600 варианттан аса бағдарламалық түрлендірілуі орнатылған. IFS халықаралық корпорация болып табылады, яғни, әлемнің 20-ға жуық елінде қолданылып отыр. IFS әлемге әйгілі келесі компанияларда жұмыс атқаруда: Nikon, Caterpillar, Allied Signal, Kawasaki, Volvo, NEC, Mazda, Mitsubishi, IBM, Yamaha, Hyundai, TDK, Sharp, Pharmacia&Upjohn, Casio, IKEA, SAS, Saab-Scania, Ericsson, ABB, Becker. IFS – IRMA жүйесі темір жолдың қозғалмалы құрамын тасымалдауды басқаруға арналған жүйе. IFS бағдарламалық кешені Ресейде 1994 жылдан бастап енгізіле бастады [3].

Еліміздің жолдарды жөндеу, қалпына келтіру, талдау және оңтайландыру жұмыстарын қолға алу мәселесінде толық жасалынған бағдарламалық кешеннің маңызы зор. Жол құрылыс жұмыстарына арналған программалық жабдықты қолдануға арналған өзіміз ұсынатын бағдарламалық кешенді алуға болады. Бағдарламалық кешен – жалпы көлік автомобиль жолдарын жобалауға, құруға, жасауға және қайта конструкциялауға арналған орта.

Визуалды программалау ортасының негізгі мақсаттарының бірі – Windows-та программалаудың күрделілігін пайдаланушыдан жасыру. Оқиғаға бағытталған программалау – Windows-тың бөлінбейтін белгісі. Қосымшаларды жылдам өңдеу (RAD) үшін арналған кейбір программалық орталар пайдаланушыдан бұл белгісін жасырғысы келеді. Delphi Windows ұсынатын оқиғалардың ішкі құрылысына толық қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бір жағынан, Delphi осындай оқиғалардың өңдегішін программалдауды жеңілдетеді.

Программада оқиғалардың тышқаннан не түймешеден туындайтынын тексеретін repeat..until қарапайым цикл бар және кейін программист осы оқиғаға жауап беру мүмкіндігіне ие. Events айнымалысы қарапайым құрылымды жазба болуы мүмкін:

```
TEvent = record
```

```
X, Y: Integer;
```

```
MouseButton: TButton;
```

```
Key: Word;
```


```
end;
```

Жоғарыда келтірілген Tbutton типін былай сипаттауға болады:

```
TButton = (LButton, RButton);
```

Егер сіз анимацияны талап ететін программа жазсаңыз, осындай типті кодты жазу ыңғайлы болады. Мысалы, егер экран бойынша бірнеше суреттерді орналастыру қажет болса, онда оларды бірнеше нүктелерге жылжытып, содан кейін пайдаланушы кнопканы басқанын тексеруге болады. Егер мұндай оқиға орындалса, оны өңдеуге жіберуге болады, ал орындалмаса, жылжытуды жалғастыру керек.

Соңғы 16 және 32 бит ұзындықты екі айнымалылар wParam және lParam деп аталады. Олар әрбір оқиға туралы маңызды қосымша ақпаратты хабарлайды. Мысалы, тышқан кнопкасын басқанда lParam параметрі тышқан курсорының координатасынан тұрады.




Сурет 1. Қосымшаға жалпы параметрлерін орнату парағы

Осы айнымалылардан қажет ақпаратты белгілеп алу ерекшеленеді. Көп жағдайда Delphi осы тапсырманы қалай орындау қажеттілігінен босатады. Мысалы, форманың OnMouseDown оқиға өңдегішінде тек X және Y координатасын қолданамыз. Программист ретінде сізге хабарлар мен онымен байланысты параметрлерді алу үшін өз үлесіңізді қосу міндетті емес [4]. Оқиғамен байланысты процедура қарапайым түрде мынаған ие:


```
procedure TForm1.FormMouseDown(Sender: TObject; Button: TMouseButton;  
Shift: TShiftState; X, Y: Integer);
```

Сонымен, қорыта келгенде: Windows оқиғаларға бағытталған жүйе болып табылады; Windows-тағы оқиғалар хабарлар формасына ие; Delphi-дің VCL қатпарындағы Windows хабарлары өңделіп, программистке қарапайым түрде түрлендіреді; Delphi-де оқиғаларды өңдеу әрбір объектінің өзінің өңдеген жазуға әкеліп тірейді.



Сурет 2. Линковщик парағы

Linker парағы программаны линкерін көрсету үшін қолданылады.




Сурет 3. Directories/Conditionals парағы

Delphi келесі маңызды орнатуларды жасауға мүмкіндік береді:


1. Проектіден қандай объект автоматты түрде сақталатынын анықтауға болады.
2. IDE түсін өзгертуге болады.
3. Редактордағы синтаксис түсін өзгертуге болады.
4. Компоненттер палитрасының құрамын өзгертуге болады.
5. IDE –нің “ыстық” түймешелерін көрсетуге болады.

Менюдің “Options | Environment” пунктiнiң бiрiншi парағы 4 - суретте көрсетiлген.




Сурет 4. Preferences парағы

Сандар массивін генерациялайтын программа құру. Массив файлға жазылып, гистограмма түрінде бейнеленуі керек. Реттелген массив файлға жазылып, экранда бейнеленеді. Программаның ұсынылатын форма түрі 5 - суретте көрсетілген.



Сурет 5. Программаның ұсынылатын форма түрі

Опции редактора диалогты терезесі (6- сурет) IDE қолданатын «ыстық» түймешелер мен түсті өзгертуге мүмкіндік береді.



Сурет 6. “Опции Редактора” терезесі

Компьютерлік модельдеудің маңызды ролі есепті шешу кезінде басқаруды автоматтандырумен байланысты жүргізіледі [5]. Компьютерлік модельдеу көмегімен басқарудың әртүрлі принциптерінің әсерлілігі, басқарушы жүйелерді құру нұсқалары, басқарушы бағдарламалық жабдықтардың сенімділігі мен жұмысқа қабілеттілігі бағалануы мүмкін.

Жасалынуға тиіс өндірістік немесе кешендік жұмысына, яғни, шешілетін есебіне қарай кез-келген пайдаланушы берілген бағдарламалық кешеннің толық жинағын немесе жеке модульдерін қолдана алады. Бағдарламалық кешенді жұмыс жағдайына қарай AutoCAD, Plateia орталарымен байланыстыру ыңғайлы. Ұсынылатын бағдарламалық кешеннің құрылымдық функционалын пайдалану жеңіл жобалауға, өңдеуге және баспаға шығаруға мүмкіндік береді. Жол құрылысын жөндеу, жақсарту және талдау жұмыстарының бағдарламалық кешеннің интерфейсі өте түсінікті және қолдануға жеңіл өнім болып табылады.

### Әдебиеттер

1. Б.Я.Советов, С.А.Яковлев. Моделирование систем. М.:Высш. шк., 2001.
2. Б. Ғаббасаов, Қ.Р. Бисенбиев. «Машина транспорттар паркінің тиімді құрамын және пайдалануын анықтау есептерінің сызықтық математикалық моделдері», Жамбыл, 1994.
3. М.Е. Үсіпбаева «Кәсіпорындарда басқару мен жоспарлаудың экономикалық математикалық моделдері», Жамбыл, 1994.
4. “Delphi 3.0 и создание баз данных”, Шумаков П. В., Москва 1997.
5. "Программное обеспечение персональных ЭВМ", Брябрин В.М., М.:Наука, 1989.
6. Мартин Дж. “Организация баз данных в вычислительных системах”, М. Мир, 1980.

ОӘК 628.33

**А.А. АБЕНОВА**

### **КОМПЛЕКС САНДАР. ЭЛЕКТРОТЕХНИКА ЕСЕПТЕУЛЕРІНДЕ КОМПЛЕКСТІК САНДАРДЫ ҚОЛДАНУ**

Алгебралық теңдеулерді шешу үшін нақты сандар жеткіліксіз. Сондықтан да осы теңдеулерді шешуге деген ұмтылыс сандар ұғымының кеңеюіне әкеледі. Теңдеудің түбірін табу үшін оң сандар жеткіліксіз, сондықтан да теріс сандар және нөл енгізу қажеттілігі туындайды.

Біздің дәуірімізге дейін 2 мың жыл бұрын ежелгі Египет және Вавилонда практикалық есептеулерде бөлшек сандар қолданылған. Сан ұғымы дамуының келесі кезеңі теріс сандарды енгізу-

б.д.д 2 ғасыр бұрын қытай математиктері енгізген. Теріс сандар көмегімен бірыңғай жолмен шамалар өзгерісін суреттеуге болады. Б.д.д 8 ғасырда оң таңбалы санның квадраттық түбірінің екі мәні – оң және теріс бар екендігі, ал теріс таңбадан квадрат түбір шығаруға болмайтындығы белгілі болды. 16 ғасырда кубтық теңдеулерді зеттеу кезінде теріс таңбалы саннан квадраттық түбір шығару керек болды. Кубтық теңдеуді шешу формуласында кубтық және квадраттық түбір бар. Бұл формула теңдеудің бір нақты түбірі болса үзіліссіз әсер етеді, ал егер ол үш нақты түбірі болса, онда квадраттық түбірде теріс сан болады. Осы феноменді түсіндіру үшін 1545 жылы италяндық алгебраист Дж.Кардано табиғаты жаңа санды енгізуді ұсынды. Кардано мұндай шамаларды «сандар теріс» деп атады және оларды жарамсыз деп санап, қолданбауға тырысты. Шындығында, мұндай сандардың көмегімен қандай да бір шаманың нәтижесін, осы шаманың өзгерісін көрсетуге болмайды. Бірақ та 1572 жылы Бомбелли өз кітабында алғаш рет осы сандарға қолданылатын арифметикалық амалдар ережесін орнатты. «Жорамал сан» атауын 1637 жылы француз математигі Р.Декарт енгізді, ал 1777 жылы Х.Эйлер француз санының бірінші әріпі  $i$  қолдануды ұсынды, бұл белгіні жалпы қолданысқа К.Гаусс енгізді.

18 ғасырдың соңында француз математигі Ж.Лагранж жорамал сандар көмегімен сызықты дифференциаль теңдеулерді көрсете білді.

Я.Бернулли комплекс сандарды интегралды есептеу үшін қолданды. 18 ғасырда комплекс сан көмегімен картография, гидродинамика және т.б. байланысты қолданбалы есептер есептелінді. Бірақ та осы сандар теориясының логикалық негізі болмады.

19 ғасырда комплекс санның геометриялық талдауы алынды. Комплекс сандардың геометриялық талдауы комплекс айнымалы функциямен байланысты көптеген түсініктер табуға, олардың қолдану саласын кеңейтуге мүмкіндік берді. Комплекс сандардың көптеген сұрақтарда, жазықтықта вектормен көрсетілетін шамалары бар, керекті екендігі белгілі болды: су ағынын зерттеу кезінде, серпімділік теориясы тапсырмаларында, теориялық электротехникада.

Физика және техника тапсырмалырының шешімі кері дискриминантты квадраттық теңдеулер арқылы жүргізіледі. Бұл теңдеулердің нақты сандар облысында шешімі жоқ. Бірақ мұндай көптеген тапсырмалардың шешімінің нақты физикалық мағынасы бар. Көрсетілген теңдеуді шешу нәтижесінде алынған шама мәнін комплекстік сандар деп атады. Комплекстік санды орыс авиациясының негізін қалаушы Н.Е.Жуковский қанат теориясын құру кезінде кең қолданған. Бұл теориядағы негізгі мәселелер: қанатты көтеруші күш қалай, қайдан шығатынын, оның шамасы және түсу нүктесі ұшу жағдайына қалай байланыстылығын айқындау, зерттеу. Комплекстік сандар және комплекстік айнымалылар функциясы көптеген ғылым мен техника сұрақтарында қолданыс табады.

Комплекс сан ұғымы квадрат теңдеулерді шешумен байланысты шыққан ұғым. Мысалы, мынадай  $x^2 + 1 = 0$ , квадрат теңдеудің нақты сандар облысында түбірлері болмайтын себепті жаңа сан, атап айтқанда жорамал  $i = \sqrt{-1}$  бірлік енгізілген. Демек,  $i^2 = -1$ . Мынадай  $a+bi$  санды комплекс сан деп атайды, мұнда  $a$  және  $b$  – нақты сандар.

Әрбір  $a+bi$  комплекс санды ХОУ жазықтығында жатқан координаталарын  $(a,b)$  нүктемен не болмаса координаталардың бастапқы нүктесінен  $(a,b)$  нүктесіне дейін жүргізілген вектормен кескіндеуге болады.

Комплекс санға осындай мағына беру, ол жөніндегі ұғымның ілгері дамуына және практикалық мәселелерді шешуге қолданылуына үлкен себеп болды. Комплекс санға осындай геометриялық мағына бере келе, біз мынадай қорытындыға келеміз: 1) әрбір комплекс санға жазықтықтың белгілі бір нүктесі сәйкес келеді және керісінше де солай; 2) комплекс сандар- қос  $(a,b)$  нақты сандар, сондықтан да, нақты сандарға қолданылатын амалдар қандай заңға бағынса, комплекс сандарға қолданылатын амалдар да сондай заңға бағынады.

Комплекс сандарға математикалық амалдарды қолдану.

Қосу және алу. Екі комплекс санды қосқанда оның алгебралық түрін қолдану керек. Онда нақты сан мен нақты санды, жорамал сан мен жорамал санды қосады.

$$\dot{C} = \dot{A} + \dot{B} = (A' + jA'') + (B' + jB'') = (A' + B') + j(A'' + B'') = C' + jC''$$

Алу амалы да осылайша жүргізіледі.

$$\dot{D} = \dot{A} - \dot{B} = (A' + jA'') - (B' + jB'') = (A' - B') + j(A'' - B'') = D' + jD''$$

Көбейту және бөлу. Көбейту, бөлу, дәрежеге шығару, түбірден шығару амалдарына комплекс санның көрсеткіш түрін жазған дұрыс. Көбейткенде (бөлгенде) комплекс санның модульдерін көбейтіп (бөліп) аргументтерін қосады (алады).

$$\dot{A} = Ae^{j\alpha}, \quad \dot{B} = Be^{j\beta} \quad D = \dot{A} * \dot{B} = ABe^{j(\alpha+\beta)}$$

$$\dot{C} = \dot{A} / \dot{B} = Ae^{j\alpha} / Be^{j\beta} = \frac{A}{B} e^{j(\alpha-\beta)}$$

Дәрежеге шығару және түбірден шығару. Комплекс санды дәрежеге шығарғанда оның модулін дәрежеге шығарады да аргументін сол дәрежеге көбейтеді.  $\dot{A}^a = A^a e^{ja\varphi}$  Комплекс санды түбірден шығару үшін оның аргументін сол түбір дәрежесіне бөледі де, модулін түбірден шығарады.

$$\sqrt{Ae^{j\varphi}} = \sqrt{A} e^{j\frac{\varphi}{2}}$$

Комплекстік санның алгебралық үлгісі  $\dot{A} = A' + jA''$  (мұндағы  $A' = A \cos \varphi$ ,  $A'' = A \sin \varphi$ ; тригонометриялық үлгі  $\dot{A} = A(\cos \varphi + j \sin \varphi)$ ; көрсеткіштік үлгі  $\dot{A} = Ae^{j\varphi}$ .

Комплекстік сандарды қолдану тұрақты ток тізбектерінде қолданылатын барлық заңдар, формулалар және есептеу әдістерін айнымалы ток тізбектерінде есептеуде қолдануға мүмкіндік береді.

Электротехникада «Айнымалы ток» тақырыбы ауқымды орын алады. Бұл көптеген электротехникалық қондырғылар айнымалы токта жұмыс істейтіндігімен түсіндіріледі. Электр станциялары қарапайым электр тізбектерінде айнымалы ток түзетін айнымалы кернеу өндіреді, бірақ электростанциялар тек қана айнымалы емес сонымен бірге синусоидалы өзгеретін кернеу мен ток жасайды.

Айнымалы кернеу теңдеуінің жалпы түрі:  $u = U_m \sin(\omega t + \varphi)$ .  $u$ -кернеудің максимум мәні (амплитуда),  $U_m$  -кернеудің лездік мәні,  $\omega$ -бұрыштық жиілік, 50Гц стандартты жиілікте,  $t$ -уақыт,  $\varphi$ -бастапқы фазалық бұрыш,  $\omega t = \alpha$ - электрлік бұрыш,  $\omega = 314$  рад/с немесе  $\omega = \text{град/с}$   $u = U_m \sin(\omega t + \varphi)$  – бұл теңдеу 2 айнымалы шаманы байланыстырады: кернеу  $U$  және уақыт  $t$ . Уақыт өтуіне байланысты кернеу синусоидалы өзгереді. Осыған ұқсас басқа да синусоидалы өзгеретін ток шамалары бар:  $i = I_m \sin(\omega t + \varphi)$ ,  $e = E_m \sin(\omega t + \varphi)$  .. және т.б.

Айнымалы синусоидалы шама вектормен берілуі мүмкін. Вектор ұзындығы амплитудаға тең, иілу бұрышы бастапқы фазалық бұрышқа тең.

Синусоидалы шамаларды қосу және азайтуды векторларды қосу және азайтумен алмастыруға болады. Бірақ та , қосу және алудан басқа , синусоидалы шамаларды көбейту және бөлуге тура келеді. Осы кезде бізге комплекс сандар көмекке келеді.

Комплекс сандар жазықтықта вектормен көрсетіледі, оның ұзындығы комплекс санның модуліне, ал иілу бұрышы аргументіне тең. Комплекс санның нақты және жорамал екі құрама бөлігі болады, комплекстік беттің абсцисса өсі бойынша комплекстік санның нақты, ал ординат өсі бойынша жорамал бөлігін алады. Электротехникада, математикаға қарағанда, жорамал бірлікті  $-j$  әріпімен белгілейді. Егер де  $A = a + jb$  комплекс саны болса, оны вектормен көрсетуге болады.

$$|A| = \sqrt{a^2 + b^2} \text{ – комплекс санның модулі; } \alpha = \arctg \left| \frac{b}{a} \right| \text{ – комплекс санның аргументі.}$$

*Кернеу және ток*

$u = U_m \sin(\omega t + \varphi)$  теңдеуі бар. Электротехникада вектордың ұзындығына максимал мән емес шын мән алынады. Ол  $U$  әріпімен белгіленеді және максимал мәнді  $\sqrt{2}$  бөлу жолымен есептелінеді.

Комплекстік санмен берілген синусоидалы шама комплекстік деп аталады және жоғары жағында нүктесі бар бас әріппен белгіленеді  $\dot{U}$ . Алгебралық үлгі -  $\dot{U} = U_a + jU_p$  (мұндағы  $U_a$  - кернеудің активті құраушысы,  $U_p$  -кернеудің реактивті құраушысы); тригонометриялық үлгі-  $\dot{U} = U(\cos \psi + j \sin \psi)$ ; көрсеткіштік үлгі-  $\dot{U} = Ue^{j\varphi}$ .

Сонымен, комплекстегі кернеу, модуль нақты мәнге, ал аргумент- бастапқы фазалық бұрышқа тең. Кернеудің активті құраушысы кернеу комплексінің негізгі бөлігіне, ал реактивтік- жорамал бөлікке тең.

Токқа да аналогты болады:  $i = I_m \sin(\omega t + \varphi)$ ;  $I = I_m / \sqrt{2}$ ;  $\dot{I} = I(\cos \psi + j \sin \psi)$ ;  $\dot{I} = I_a + jI_p$ ;  $\dot{I} = Ie^{j\varphi}$ .

*Кедергі*

Тізбек аумағының комплекстік кедергісі нақты бөлігі активті кедергі шамасына, жорамал бөліктегі коэффициент-реактивті кедергіге тең комплекстік сан түрінде болады.

Комплекстік кедергіні жазу түріне байланысты тізбек аумағының сипаттамасын айтуға болады:

$R+jX$ - активті-индуктивтік кедергі

$R-jX$ - активті-сыйымдылықты.

$r$ -активті кедергі, мысалы, қыздыру лампасы;  $X_L$  - индуктивті кедергі, мысалы, катушка,  $Z$ -тізбектің жалпы кедергісі.  $r$ ,  $X_L$ ,  $Z$  кедергісі кедергінің тік бұрышты үшбұрышын құрады.

Кедергі синусоидалы шама болмаса да  $Z$  бөлігі комплекстік санмен берілуі мүмкін, егер де  $r$  бөлігі нақты сандар осінде қалады деп есептесек, онда  $X_L$  -жорамал сан осі бойынша қалады. Комплекстік үлгідегі кедергі  $Z$  әріпімен белгіленеді. Мұнда  $Z$ -тің үстіне комплекстік шама екенін білдіретін нүкте қойылған жоқ. Ондай белгі уақыт өтуіне қарай синусоидалық функция түрінде өзгертін комплекстік шаманың үстіне ғана қойылады.

Алгебралық үлгі -  $Z = r + jX_L$ ; тригонометриялық үлгі-  $Z = z(\cos \psi + j \sin \psi)$ ; көрсеткіштік үлгі-  $Z = ze^{j\varphi}$ , модуль-  $|A| = \sqrt{r^2 + X_L^2}$ ; аргумент-  $\varphi = \arctg\left(\frac{X_L}{r}\right)$ .

Комплекстегі кедергі модулі-толық кедергіге, ал аргумент- фазалық ығысуға тең.

$X_C$ - сыйымдылық кедергі, мысалы, конденсатор. Алгебралық үлгі -  $Z = r - jX_C$ ; тригонометриялық үлгі-  $Z = z(\cos \psi - j \sin \psi)$ ; көрсеткіштік үлгі-  $Z = ze^{-j\varphi}$ , модуль-  $|A| = \sqrt{r^2 + X_C^2}$ ; аргумент-  $\varphi = \arctg\left(-\frac{X_C}{r}\right)$ .

Өткізгіштік. Өткізгіштік- бұл кедергіге кері шама.  $G$  табу үшін кедергі комплексі мәнін қолданамыз  $Z = r + jX_L$ .

$$G = \frac{1}{r + jX_L} * \frac{r - jX_L}{r - jX_L} = \frac{r - jX_L}{r^2 - j^2 X_L^2} = \frac{r}{r^2 + X_L^2} - j \frac{X_L}{r^2 + X_L^2} = \frac{r}{Z^2} - j \frac{X_L}{Z^2};$$

$G = \frac{1}{Z}$  - өткізгіштік комплексі.  $\frac{r}{Z^2} = g$ ,  $\frac{X_L}{Z^2} = b_l$  деп белгілеп,  $G = g - jb_l$  аламыз.  $g$ - активті өткізгіштік,  $b_l$ -реактивті өткізгіштік.

Көрсеткіштік үлгіде  $G = ye^{-j\varphi}$ , мұнда  $y = \sqrt{g^2 + b_l^2}$   $y$ -толық өткізгіштік  $\varphi = \arctg\left(-\frac{b_l}{g}\right)$ .

Сыйымдылық кедергі үшін ұқсас  $G = g + jb_c$ ,  $G = ye^{j\varphi}$ ,  $y = \sqrt{g^2 + b_c^2}$ ,  $\varphi = \arctg\left(\frac{b_c}{g}\right)$ .

*Қуат.* Қуат комплексі егер кернеу комплексін бағыттас ток комплексіне көбейткенде пайда болады.

$\tilde{S} = \tilde{U}\tilde{I}$ ,  $\tilde{S}$  - қуат комплексі,  $\tilde{I}$  - бағыттас ток комплексі.

Комплекстік үлгіде тек толық қуатты жазуға болады:

$$\tilde{S} = \tilde{U}\tilde{I} = UIe^{j(\varphi_u + \varphi_i)} = UIe^{\pm j\varphi} = Se^{\pm j\varphi}$$

Толық қуат комплекстік үлгіде екі бөліктен тұрады: заттық бөлік активті қуат, ал жорамал бөлік коэффициенті реактивті қуат. Жорамал бөлік алдындағы мәннің «+» белгісі кернеу тоқты басып озады, жүктеме-активті-индуктивті, «-» белгісінде жүктеме- активті-сыйымдылықты.

Көбейтуден кейін нақты бөлігі активті қуатқа, ал жорамал бөлігі – реактивті қуатқа тең комплекстік сан аламыз.  $\tilde{S} = P + jQ$ .  $P$ -активті қуат.  $Q$  - реактивті қуат.

Ом заңының комплекстік түрде берілуі:  $I' = U' / Z$

Комплекстік түрдегі Кирхгофтың бірінші заңы:  $\sum_{k=1}^n \dot{I}_k = 0$

Комплекстік түрдегі Кирхгофтың екінші заңы:  $\sum_{k=1}^n \dot{E}_k = \sum_{k=1}^n \dot{I}_k Z_k$



Қазіргі уақытта кей ғылымдарды комплекстік сандарды қолданусыз елестету қиын. Электротехника, электромеханика, радиотехника, ұшақ құру және басқа да ғылымдар теориясы комплекс сан түріндегі модельді қолданусыз мүмкін емес.

Комплекс сандарды есептеуді калькулятор немесе программалау тілдері арқылы жүргізе аламыз. Осындай программалау тілінің бірі- Common Lisp. Common Lisp- басқа программалау тілдеріне қарағанда математиканы жеңілдетпейді, тек оны қолдану оны қарапайым етеді. Математиктер Lisp-ті математикалық функцияларды зерттеу үшін құрастырған.

УДК 658. 512

АДАМБАЕВ М. Д., АДАМБАЕВ А. А.

КазНТУ им. К.И. Сатпаева, Алматы, Казахстан

### ИДЕНТИФИКАЦИЯ ОБЪЕКТА ВТОРОГО ПОРЯДКА С КОЛЕБАТЕЛЬНОЙ КРИВОЙ РАЗГОНА

Определим уравнение промышленны объекта по его реакции выхода  $\Delta\theta(t)$  (рис 1) на скачкообразное изменение входной величины  $\nu$  до значения  $\mathcal{G} = a$ , м/мин;  $\Delta\theta$  – разность температур,  $\mathcal{G}$  – скорость движения ленты.

Кривая разгона имеет колебательную форму и можно предположить, что искомое уравнение – уравнение второго порядка с комплексными корнями [1]:

$$\frac{d^2\Delta\theta}{dt^2} - (\gamma_1 + \gamma_2) \cdot \frac{d\theta}{dt} + \gamma_1 \cdot \gamma_2 \cdot \Delta\theta = \gamma_1 \cdot \gamma_2 \cdot k \cdot \nu . \quad (1)$$

Необходимо вычислить константы  $\gamma_1, \gamma_2, k$ .




Рисунок 1. К определению уравнения объекта второго порядка с колебательной кривой разгона

В этом уравнении  $\gamma_1 = -\frac{1}{T_1}, \gamma_2 = -\frac{1}{T_2}$ , т.к. постоянное времени здесь, в случае колебательной системы, не имеют физического смысла. Уравнение колебательной системы обычно записывается в виде

$$\frac{d^2\Delta\theta}{dt^2} + 2 \cdot \varepsilon \cdot \omega_0 \cdot \frac{d\Delta\theta}{dt} + \omega_0^2 \cdot \Delta\theta = k \cdot \omega_0^2 \cdot \nu, \quad (2)$$

где  $\varepsilon$  – коэффициент демпфирования;  $\omega_0$  – собственная частота системы.

Отсюда видна связь между физическими константами  $\varepsilon$ ,  $\omega_0$  и числами  $\gamma_1$ ,  $\gamma_2$ . Последние введены для удобства вычислений.

Используя результаты данные в [2], сразу напишем решение уравнения:

$$\Delta\theta(t) = k \cdot a + \frac{k \cdot a \cdot \gamma_2}{\gamma_1 - \gamma_2} \cdot e^{\gamma_1 t} + \frac{k \cdot a \cdot \gamma_1}{\gamma_2 - \gamma_1} \cdot e^{\gamma_2 t}.$$

Так как объект управления имеет колебательные свойства, то прием вычисления констант, примененный в предыдущей задаче, даст в результате не действительные числа  $\gamma_1$  и  $\gamma_2$ , а комплексные, т.е

$$\gamma_1 = \alpha + j\beta; \quad \gamma_2 = \alpha - j\beta. \quad (3)$$

Переходя к действительным количествам, форму записи решения нужно соответственно преобразовать по формуле Эйлера ( $e^{\pm j\varphi} = \cos\varphi \pm j\sin\varphi$ )

$$\begin{aligned} \Delta\theta(t) &= k \cdot a \cdot \left[ 1 + \frac{\alpha - j\beta}{2j\beta} \cdot e^{(\alpha + j\beta)t} + \frac{\alpha + j\beta}{-2j\beta} \cdot e^{(\alpha - j\beta)t} \right] = \\ &= k \cdot a \cdot \left\{ 1 + e^{\alpha t} \cdot \left[ \frac{j\alpha + \beta}{-2\beta} \cdot \langle \cos\beta t + j\sin\beta t \rangle + \frac{j\alpha - \beta}{2\beta} \cdot \langle \cos\beta t - j\sin\beta t \rangle \right] \right\} = \\ &= k \cdot a \cdot \left[ 1 + e^{\alpha t} \cdot \left( -\cos\beta t + \frac{\alpha}{\beta} \cdot \sin\beta t \right) \right] = \\ &= k \cdot a \cdot \left[ 1 + e^{\alpha t} \cdot \sqrt{1 + \left( \frac{\alpha}{\beta} \right)^2} \cdot \sin\left( \beta t - \arctg \frac{\beta}{\alpha} \right) \right] \end{aligned} \quad (4)$$

(4) соответствует сложению двух гармоник.

Принципиально можно было бы взять координаты трех произвольных точек их графика  $\Delta\theta(t)$ , поставив их в решение, вычислить из трех уравнении действительные корни  $\alpha$ ,  $\beta$  и  $k$ . Но т.к. уравнения получаются трансцендентными, то решить их весьма сложно, и поэтому целесообразнее применить прием, рассмотренный в предыдущей задаче.

Для этого возьмем из кривой разгона шесть равноотстоящих на интервал  $\Delta t = 5 \text{ мин}$ , ординат:

$$\Delta\theta_0 = 0,0; \quad \Delta\theta_1 = 29,3; \quad \Delta\theta_2 = 69,0; \quad \Delta\theta_3 = 84,3; \quad \Delta\theta_4 = 79,8; \quad \Delta\theta_5 = 71,1.$$

Составим систему уравнений для определения коэффициентов промежуточного кубического уравнения

$$\begin{aligned} 0,0 \cdot B_3 + 29,3 \cdot B_2 + 69,0 \cdot B_1 + 84,3 &= 0; \\ 29,3 \cdot B_3 + 69,0 \cdot B_2 + 84,3 \cdot B_1 + 79,8 &= 0; \\ 69,0 \cdot B_3 + 84,3 \cdot B_2 + 79,8 \cdot B_1 + 71,1 &= 0; \end{aligned}$$

Из нее вычислим  $B_1 = -1,654$ ;  $B_2 = 1,12$ ;  $B_3 = -0,366$  и получим следующее кубическое уравнение:  $\lambda^3 - 1,654 \cdot \lambda^2 + 1,12 \cdot \lambda - 0,366 = 0$ .

Вычислим его корни (один корень  $\lambda_3 = 1$  заранее известен)

$$\lambda_1 = 0,327 + j \cdot 0,509; \quad \lambda_2 = 0,327 - j \cdot 0,509; \quad \lambda_3 = 1.$$

Комплексные корни  $\lambda_1$  и  $\lambda_2$  представим в показательной форме

$$\lambda_1 = e^{-0,5 + j \cdot 1,0}; \quad \lambda_2 = e^{-0,5 - j \cdot 1,0}.$$

Далее найдем константы  $\gamma_1$  и  $\gamma_2$

$$\left. \begin{aligned} \gamma_1 &= -\frac{1}{T_1} = \frac{\ln \lambda_1}{\Delta t} = \frac{-0,5 + j \cdot 1,0}{5} = -0,1 + j \cdot 0,2; \\ \gamma_2 &= -\frac{1}{T_2} = \frac{\ln \lambda_2}{\Delta t} = \frac{-0,5 - j \cdot 1,0}{5} = -0,1 - j \cdot 0,2 \end{aligned} \right\} \quad (5)$$

$$(\alpha = -0,1; \beta = 0,2).$$

Остается вычислить статический коэффициент передачи  $k$ . Это легко сделать, подставив в решение дифференциального уравнения координаты произвольной точки кривой разгона и вычисленные константы  $\alpha$  и  $\beta$ . Возьмем, например, точку  $t = \Delta t = 5 \text{ мин}$ ,  $\Delta\theta \stackrel{\Delta t}{=} \Delta\theta_1 = 29,3$

$$\Delta\theta = k \cdot 1 \cdot \left[ 1 + e^{\alpha t} \cdot \left( -\cos \beta t + \frac{\alpha}{\beta} \sin \beta t \right) \right]$$

или  $29,3 = k \cdot 1 \cdot \left[ 1 + e^{-0,1 \cdot 5} \cdot \left( -\cos 0,2 \cdot 5 + \frac{-0,1}{0,2} \cdot \sin 0,2 \cdot 5 \right) \right]$ ,

откуда найдем  $k = 70 \frac{\text{град}}{\text{м/час}}$ .

Искомое численное уравнение колебательного объекта будет иметь вид

$$\frac{d^2 \Delta\theta}{dt^2} + 0,2 \cdot \frac{d\theta}{dt} + 0,05 \cdot \Delta\theta = 0,05 \cdot 70 \cdot \nu \quad (6)$$

где  $\nu = \text{м/час}$ ;  $\Delta\theta = 0^\circ \text{С}$ ;  $t = \text{мин}$ ;

Собственная частота объекта

$$\omega_0 = \sqrt{\gamma_1 \cdot \gamma_2} = 0,224 \text{ рад/мин}; \quad (7)$$

Коэффициент демпфирования

$$\varepsilon = \frac{-\lambda_1 - \lambda_2}{2 \cdot \omega_0} = \frac{0,2}{2 \cdot 0,234} = 0,45. \quad (8)$$

При распространении этого приема на системы более высокого порядка общая схема метода остается аналогичной.

### Литература

1. Васильев Д.В., Чуич В.Г. Системы автоматического управления (примеры расчета). – М.: Высшая школа, 1967, 418с.
2. Адамбаев М.Д. Математические методы идентификации.- Алматы: Комплекс, 2005, 179 с.

ОӘК 004.738.5

### Н.Т. АЗИЕВА, Н. ҰЗАҚҚЫЗЫ, А.С. ТУРҒИНБАЕВА

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

### ВИДЕОКОНФЕРЕНЦБАЙЛАНЫС ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Видеоконференцбайланысы (ВКБ) – екі және одан көп абоненттер арасында желі бойынша деректерді беруде видеоконференциясы ұйымдастыруды қамтамасыз ететін телекоммуникациялық технологиялар. ВКБ сеансы кезінде бейнелер мен дыбыстар интерактивті ауысуларды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, абоненттер телеметриялық деректерді трансляциялау, компьютерлік мәліметтер, құжаттарды демонстрациялау және қосымша видеокамералар қолдану объектері. Стандарттандырылған дыбыс және видеокодектерін пайдалану арқылы мәліметтерді кодтау/декодтау (дыбыс және видеоағымын) жолымен көру және дыбыс ағымын мәліметтерді беру желісі бойынша жіберу.


Қазіргі уақытта видеоконференцбайланысы іс жүзінде кез келген қазіргі ДҚ қолданушыға алып тасталған қарым-қатынас мүмкіндігін беретін деңгейге жетті. Осылай, интерактивті видеоқарым-қатынастың (мысалы, Skype немесе Live Messenger жүйесін пайдалану) жүзеге асырылуы үшін орташа, тіпті орташадан да төмен қуатты компьютер, арзан вебкамера, канал ені 1 мбит/с Интернетке шығу (мысалы, ADSL бар жерде мүмкін).

Канал ені 1 мбит/с 320\*240 мөлшерлі жақсы сапалы секундына 15 есе кадр ауыстыру жиілігімен көрілімді бере алады. Интернет арқылы келетін мәліметтер ағымы, веб-камерадан келетін ағыммен салыстырғанда 200 есе қысылып келеді. Мұндай қысу деңгейі, MPEG стандарттау шеңберінде игерілген, қазіргі заманғы көрілім қысу алгоритмі арқасында жүзеге асырылуда. Бұл кезде 200 есе қысу алғашқы түріне жақын сапада, 500 есе қысу минималды қолайлы сапада етіп береді [1-2].

Бұдан да басқа, қазіргі таңда адам фигурасының видеобейнесін векторлық кодтау құралымен жедел құрастырылуда. Алгоритм адам денесіне және бетіне тән нүктелерін тауып және олардың орналасуын желілік канал арқылы береді. Келесі жағында, осы нүктелерді ескере отырып адам фигурасының үшөлшемді алгоритмін құрады және арнайы түрде оның үстіне текстура қояды. Бұндай технологияны пайдалана отырып кез келген сападағы көріністі беру үшін ені 1 кбит ретті канал қажет.

Дыбыс және видео мәліметтерін жіберу үшін әр деңгейлі протоколдар қатары бар. Дыбыс және видео ағымы желілік канал арқылы жіберу үшін ерекше жағдайды талап етеді, себебі олардың бір жағында көлемі өте үлкен мәліметтер, келесі жағында мәліметтер жіберу кезінде болмашы жоғалтулар және мәліметті бұрмалау орын алады. Мынадай хаттамалар сипаттамасы RTP нақты уақыттағы хаттама (ConferenceXP), және RTP хаттамаларына негізделген H.323 (NetMeeting) және SIP (Windows Messenger) [3].

Қарапайым тәсілмен бірнеше қолданушыларға желі бойынша бірдей мәліметтер жіберу кезінде сервер жағынан артық трафик алынады (1-сурет): бір мәліметтер жиынтығы орнына желі каналы арқылы әрбір пайдаланушыға бір-бірден мәліметтер жиынтығы жіберіледі. Нәтижесінде, алушылар саны қаншалықты көп болса, серверде соншалықты трафик көп болады. Мультикаст технологиясын пайдалану кезінде, сервер бір мәліметтер жиынтығын барлық соңғы пайдаланушыларға жібереді, желі бойынша тиімді тәсілмен келеді және тармақталар алдында жалпы сегменттегі пайдаланушылардың әрқайсысына тікелей көбейеді [4-6].



Сурет 1

Қазіргі уақытта видеоконференцбайланыс жүйелері дәріс оқу процесі кезінде (MS Powerpoint немесе Adobe PDF) слайдтарын демонстрациялауға мүмкіндік береді. Осылай техникалық виртуальды конференция, нақты конференцияларда пайдалануға, деректер залалысыз алып тасталатын типті конференция өткізуге мүмкіндік береді. Бұдан да басқа, қазіргі уақытта видеоконференцияны пайдаланушыларға, мысалы, Excel немесе Word құжаттарымен бірге жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы видеоконференцбайланыс жүйелері көмегін шартты түрде 4 топқа бөлуге болады.

1. Комплексті аппаратты-программалық жүйелер. Бұл әдетте аппаратты-программалық қоробкадағы өнім, IP-желісіне қосылатын және жиынтықта барлық алыс құрылғылары – экран, көру камерасы, микрофон және т.б. болатын немесе заң бойынша сол өндірушілерден аз тізіммен қосымша бұл құрылғыларды алуға тиесілі. Бұндай жағдай пайдаланушыларды сапалы алыс құрылғыларды қосудағы ізденістері мен мәселелерден құтқарады. Әдетте бұл жүйелер тақтаға сурет салу, құжаттармен біріктіре жұмыс жасау, презентация ұсынатын құралдарға ие. Аппаратты-программалық комплексі көптеген пайдаланушылармен бір уақытта видеоконференцбайланысын жасауға және дыбыс-/видеоәліметтері жинақталған желі пакетінің мықты аппараттық құралдарымен және тар каналды байланыста тиімді қысумен байланысты жақсы сапалы етіп көрсетеді. Орта жоғары оқу орындары үшін (мысалы, Policom, Tandberg немесе Hauvey фирмасының жүйелері) қазіргі кездегі өлшеммен мұндай комплекстер өте қымбат. Бұдан басқа, мұндай комплекстер программалық жабдықталуы жағынан жабық болып келеді және жоғары оқу орынының мақсаттары үшін, әрі нақты бір курс үшін программалық жабдықтың адаптациялық мүмкіндігі жоқ.

2. Программалық жүйелер. Бұл программалық өнімдер, пайдаланушының компьютеріне стандартты перифериялық құрылғыларды компьютер экранын, веб-камераны, компьютер микрофонын, компьютер динамиктері мен құлаққап - орнату үшін қолайлы. Дербес компьютерлердің дыбыс-/видеоағымдарды кодтау аппараттық құрылғыларының болмауына байланысты және барлық кезде жоғары өнімді ресурстар бере бермейді, мұндай жүйелер мәліметтерді қысудың көп ресурсты тиімді алгоритмдерімен жұмыс істей алмайды, аппаратты - программалық комплекстермен салыстырғанда байланыс сапасына теріс әсер етеді. Видеоконференцбайланысының программалық жүйелері еркін немесе коммерциялық, кейде ашық бастапқы кодпен таралатын болуы мүмкін. Мұндай жүйелер программалық жабдықталуының функционалдық жағынан алғанда көбірек видеоконференциясының аппаратты – программалық комплекстеріне ұқсайды. Керісінше, олар сол өндірушінің арзан аналогті аппараттық өнімдеріне жиірек жол береді (мысалы, Polycom қосымшасы).

3. Веб-конференциялар, конференция өткізу жүйелері, әдетте ерекше ПЖ құруды талап етпейтін және вебке-бағдарлалған платформаларда құрылған. Әдетте, бұл жүйелер мынадай (Adobe Flash, Silverlight, Java, ActiveX) технологияларды қолданып браузерде бейнелеуге арналған. веб үшін адаптерленген, мұндай жүйелер видеоконференцияларының кейбір қасиеттерін жоғалтады, вебке-бағдарлалған платформалардың операциялық жүйенің қолданбалы программалау интерфейсімен өзара жеткіліксіз байланыста болуымен, әрі платформалар өнімділігінің жеткіліксіздігімен байланысты. ДК кейбір аппараттық мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік жеткіліксіз бола бастауы, сонымен қатар көп ресурсты алгоритмдерді орындау үшін ресурстар жетіспейді.

Негізінен, веб-конференциялар тек бір ғана конференцияға қатысушының дыбыс-/видеотрансляцияларын жібере алады, оның сыртында видеотрансляциясын жіберуді тоқтатып, тек дыбыс коммуникациясын ғана қалдырады. Бірақ кейбір веб-конференциясы жүйелері, дауыс беру және сұраулар сеанысын қосу арқылы, дәріс беруші мен аудитория арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді. Мұндай жүйелердің көмегімен өткізілген семинарларды көбіне вебинарлар деп атайды. Веб-конференциялардың әдетте презентациялау слайдтарын трансляциялау құралдары, сурет салу тақтасы, ғана болады, бірақ құжаттармен қоса жұмыс істеуді қамтамасыз ете алмайды.

4. Видеотелефондарының программалық жүйесі, іскерлік коммуникациясына емес дыбыстық жүйе мен видео сұхбаты, бейне телефон қоңырауларына бағдарлалған. бір мезгілдегі екі әңгімелесушілердің қарым-қатынасына арналған әрі құжаттармен қоса жұмыс істеу, презентациялау, сурет салу тақтасы сияқты қосымша құралдары жоқ. Көптеген бейнетелефондар жүйесінің қосымша мүмкіндіктері бар және функционалдығы жағынан видеоконференцбайланыс программалық жүйесі сияқты болып келеді [5].

*Видеоконференцияларды қолдаушы программалық жүйелер.* Енді видеоконференцбайланыс программалық жүйесінің бірнеше әйгілі жүйелерін қарастырамыз. Бар видеоконференциялар жүйесінің каталогы және олардың қасиеттері Интернетте жүргізіледі.

